

**2024-2025 оқу жылында әлеуметтік педагогтардың «Мектепке жол»
жалпы республикалық қайырымдылық акциясы бойынша атқарған
жұмыстары.**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы «Арқалық қаласы білім бөлімінің» ММ-нің ұйымдастыруымен «Арқалық қаласы білім бөлімі А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ-нің әлеуметтік педагогтары Тургумбаева Г.Ш., Серкешова Г.Б. өткізді.

2024-2025 оқу жылы сынып жетекшілер, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және әлеуметтік педагогтардың алдында үлкен әрі күрделі міндеттер тұрды. Әлеуметтік педагогтың және сынып жетекшілердің рөлі ерекше деп айтуға болады. Өйткені, олардың бірігіп атқарған жұмысының нәтижесінде, атап айтсақ оқу жылдың басында сынып жетекшілері жоспар бойынша акция аясында рейдтік жұмыс өткізіп, тұрғын үй актісін жасады және ата-аналарға арналған сауалнама алды. Балалардың әлеуметтік тұрмыс жағдайы зерттеліп, сынып жетекшілер әлеуметтік карта жасау арқылы 2024-2025 оқу жылына мектептің әлеуметтік паспорты жасалды.

Мектеп бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы


Оқу жылы	Жалпы саны	Аз қамтылған	Көп баллалы	Тұл жетім	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған (ОБПР)	Мүгедек	Үйде оқыйтын	№12 жатаханада тұратын оқушылар
2022-2023	951	76	327	3	0	10	3	0
2023-2024	974	36	319	2	0	11	5	0
2024-2025	991	26	328	1	0	11	5	

А.Құнанбаев атындағы мектеп -гимназиясының жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың үш жылдық мониторингі




А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың үш жылдық көрсеткіші

■ Көп балалы



А.Құнанбаев атындағы мектеп - гимназиясының аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардың үш жылдық мониторингі

■ Аз қамтылған



Анықталған әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға көмектесу мақсатында «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық қайырымдылық шарасы өткізілді. Жыл сайын Қазақстанда жаңа оқу жылының қарсаңында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық шарасын өткізу дәстүрге айналған. Әлеуметтік бағытта бүкіл ел бойынша 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін созылды.

Акцияның басты мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды жаңа оқу жылына дайындау және олардың әлеуметтік себептермен мектепке бармауын болдырмау мақсатында қажетті көмек көрсету.

Жалпы 2023-2024 оқу жылының жоспары бойынша облыстық, республикалық, жергілікті бюджеттерден төмендегідей сомда 46 436 901 теңге көлемінде қаржы бөлінгенін мәлімдеді. Бұл қаржылар облыстық, республикалық және жергілікті бюджеттерден алынды. Аталған қаржылар әлеуметтік көмек ретінде жұмсалды.

Оның ішінде:

- Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтуға – 35 089 000 теңге;
- Мектеп жанындағы лагерьде тегін ыстық тамақпен қамтуға – 250 000 теңге;
- Қала сыртындағы «Құрылысшылар» лагеріне – 500 000 теңге бөлінді.

Оқушылардың жазғы уақытын ұйымдастыру:

2024–2025 оқу жылында «Жалпыға міндетті оқу қоры» есебінен мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерінде тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар қатарына әлеуметтік мәртебесі бар – көп балалы, аз қамтылған (АӘК алатын) отбасылардан шыққан және мүмкіндігі шектеулі балалар енгізіледі. I ауысымға – 20 оқушы, II ауысымға – 20 оқушы қамтылады. Сонымен қатар, қала сыртындағы «Алюминқұрылыс» сауықтыру лагеріне мектебіміздің әлеуметтік мәртебесі бар және білім, спорт, шығармашылық салаларында жетістіктерге жеткен 10 оқушы жіберіледі.

Жалпыға міндетті оқу қорының қаржылай көмегі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы және 2022 жылғы 8 тамыздағы №544 Қаулысына сәйкес, «Жалпыға міндетті оқу қоры» арқылы 10 547 901 теңге көлемінде қаражат бөлінді.

Көмекке мұқтаж ата-аналардан барлығы **243 өтініш** түсті. Өтініштер хронологиялық тәртіппен тіркеу журналына енгізіліп, көмек көрсетілді.

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар: 42 оқушы.
- Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар: 1 оқушы.
- Төтенше жағдайлар салдарынан көмекке мұқтаж отбасылардың балалары: 89 оқушы.
- Басқа санаттағы көмекке мұқтаж балалар: 111 оқушы.

Жеке кәсіпорындар мен ұйымдардың демеушілігі:

- **«Мега Планета» сауда орталығы**
Екі оқушы: Ербатыров Мейіржан мен Ақанұлы Нұржігітке жалпы 140 000 теңге көлемінде көмек көрсетті. Оқушылар мектеп формасы және басқа да қажетті заттармен қамтамасыз етілді.
- **«Алюминқұрылыс» ЖШС мекемесі**
85 000 теңге көлемінде қаржы бөліп, жеті оқушыны оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Бұл көмекке Қадірбеков Данияр Дастанұлы, Ерланұлы Санжар, Серік Бекзат

Асылбекұлы, Кішкентай Айбатыр Шәріпұлы, Берікбай Қанат Арманұлы және Ділдәбек Жансерік ие болды.

- Мектеп-гимназия «Жақсылық жасайық» қайырымдылық акциясынан азық – түліктей көрсетілген көмек 3 отбасы азық түлік түрінде, 1 оқушыға сыртқы қысқы киім алынып берілді. (80 000 тг).
- 2025 жылдың рамазан айында «Қайырымдылық» акция шеңберінде мектеп-гимназияның 3 отбасымызға азық –түліктей, 1 оқушыға киім-кешек түрінде көмек көрсетілді. (Сумма: 50 000 тг).
- Мектеп-гимназия ұжымы: 5 оқушымызға киім-кешекпен және оқу құрал түрінде көмек берілді.

Қайырымдылық және әлеуметтік іс-шаралар:

- **2024 жылдың 19 қыркүйегі:**
«Берекелі күз» тақырыбында 5-7 сынып оқушыларының қатысуымен қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеден түскен 85 000 теңге толық емес және аз қамтылған отбасылардағы екі оқушыға азық-түлік, бір оқушыға киім-кешек түрінде көмек ретінде берілді.
- **2024 жылдың 28 қарашасы:**
Арқалық қалалық жасөспірімдер театрында өткен қайырымдылық іс-шарасы барысында мектептің 48 оқушысы «Маугли» ертегісін тамашалады.
- **2025жыл наурыз айы. Рамазан айында «Қайырымдылық» акциясы жүргізіліп мектеп-гимназия ұстаздары белсене ат салысты. 3 отбасымызға азық түлік ретінде және бір оқушымызға киім кешек түрінде көмек көрсетілді. (50 000 тг)**



А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназияның 2024-2025 оқу жылындағы акция аясында көмек көрсетілген көрсеткіші


А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы	көмек алған оқушылар саны	сонымен қатар		жалпы көмек көрсетілген қаражат көлемі (теңге)	сонымен қатар (теңге)	
		Бюджет қаражат	Бюджеттен тыс қаражат		Бюджет қаражат	Бюджеттен тыс қаражат
	262	243	19	11 257 901 тг	10 902 901 тг	355000 тг

Абай Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы
Қайырымдылық және “Жалпыға міндет қоры” үш жылдық көрсеткіш


Оқу жылы	көмек алған оқушылар саны	сонымен қатар		жалпы көмек көрсетілген қаражат көлемі (теңге)	сонымен қатар (теңге)	
		Бюджет қаражат	Бюджеттен тыс қаражат		Бюджет қаражат	Бюджеттен тыс қаражат
2022-2023	207	156	51	5 577 700 тг	5 167 400 тг	410 300 тг
2023-2024	163	138	25	5 570 706 тг	5 146 906 тг	423 800 тг
2024-2025	262	243	19	11 257 901тг	10 902 901тг	355000 тг

Абай Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы
Қайырымдылық және “Жалпыға міндет қорынан” көмек берілген оқушылардың үш жылдық көрсеткіш


■ көмек алған оқушылар саны




**Абай Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы
Қайырымдылық және “Жалпыға міндет қорынан” көмек көрсетілген
қаражаттың үш жылдық көрсеткіші**



**Абай Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы
«Қайырымдылық» акция шеңберінде көмек көрсетілген оқушылардың
үш жылдық көрсеткіші**





2025-2026 оқу жылына аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан 180 оқушыға қаржылай сұраныс беру жоспарланып отыр.

Жаңа жыл мерекесіне оқушылардың қатысуын ұйымдастыру

- **2024 жылдың 27 желтоқсаны:**
Қала әкімінің және қайырымдылық мерекелік шарасына 17 аз қамтылған, көп балалы, мүмкіндігі шектеулі 11 оқушы қатысып, тәтті сыйлықтар мен ойыншықтар алды.
- **«Жаңа жыл» мерекесі:**
Жалпыға міндетті оқу қоры арқылы 25 оқушыға тәтті сыйлықтар берілді. Демеушілер есебінен тағы 10 оқушы сыйлық алды.



А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясынан Қазақстан Республикасы Президентінің 2024-2025 оқу жылында жаңа жылдық мерекелік шыршаға мектептің көп балалы отбасында тәрбиеленіп жатқан 8«В» сынып оқушысы Байшин Ерасыл Айдарбекұлы қатыстырылды.

Байшин Ерасыл Айдарбекұлы мектебіміздің екпінді жақсы оқитын оқушысы;

ЖЕТІСТІКТЕРІ:

1. I дәрежелі диплом. "QOSSHY OPEN TOURNAMENT" қалалық турнирінде, Республика күніне арналған, 2010–2011 және 2012–2013 жылы туған ұлдар мен қыздар арасында 38 кг салмақ дәреже. (2023 жылы Астана)
2. I дәрежелі мақтау қағазы. Арқалық қалалық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің дзюдо күресінен 2009–2010 және 2011–2012 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында 30 кг салмақ дәрежесінде. (Арқалық 2023 жыл)
3. II дәрежелі мақтау қағазы. Республика күніне арналған, Арқалық қалалық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ашық біріншілігінде, 2009–2010 және 2011–2012 жылы туған кіші жасөспірімдер мен қыз балалар арасында 38 кг салмақ дәрежесінде 2-орын (Арқалық 2023 ж.).
4. II дәрежелі мақтау қағазы. Тұңғыш Президент күніне арналған, Арқалық қалалық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ашық біріншілігінде, 2010–2011 жылы туған ұлдар мен қыздар арасында 32 кг салмақ дәрежесінде 2-орын (2021 ж.).
5. III дәрежелі мақтау қағазы. Қостанай облысының ашық турнирінде, Республика күніне арналған, 2010–2011 жылы туған ұлдар мен қыздар арасында 38 кг салмақ дәрежесінде 3-орын (Әулиекөл, 2023 ж.).
6. III дәрежелі диплом. Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған Республикалық ашық турнирде, дзюдо күресінен, 38 кг салмақ дәрежесінде 3-орын (Лисаков қаласы, 2023 ж.).
7. II дәрежелі мақтау қағазы. "ARKALYK OPEN-2024" облыстық ашық турнирінде, дзюдо күресінен, 2010–2011 жылы туған ұлдар мен қыздар арасында 42 кг салмақ дәрежесінде 2-орын (Арқалық қаласы, 2024 ж.).
8. III дәрежелі мақтау қағазы. Лисаков қаласының әкімінің кубогына арналған Республикалық ашық турнирде, дзюдо күресінен, 42 кг салмақ дәрежесінде 3-орын (Лисаков қаласы, 2023 ж.).
9. II дәрежелі мақтау қағазы. Арқалық қаласында, қала әкімінің кубогына арналған футбол турнирінде, бастауыш мектеп оқушылары арасында 2-орын (Арқалық қаласы, 2022 ж.).
10. II дәрежелі мақтау қағазы. Арқалық қалалық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің дзюдо күресінен, 2011–2012 жылы туған ұлдар мен қыздар арасында 38 кг салмақ дәрежесінде 2-орын (Арқалық қаласы, 2023 ж.).
11. II дәрежелі мақтау қағазы. Республика күніне арналған Арқалық қалалық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің біріншілігінде, 2010–2011 жылы туған ұлдар мен қыздар арасында 46 кг салмақ дәрежесінде 2-орын (Арқалық қаласы, 2024 ж.).
12. Жақсы оқиды, белсенді.



«Қайырымдылық» шыршасына қатысатын мүмкіндігі шектеулі оқушылар тізімі

№	Оқушының толық аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	сыныбы	Әлеуметтік мәртебесі
1	Әбдікәрім Жанарыс	15.10.2013	4 "А"	Мүгедек 3- топ
2	Дәулет Бекасыл Дәуренұлы	13.02.2017	2 "В"	Ерекше білім қажет ететін оқушы
3	Қасқырбай Дініслам Ералханұлы	03.12.2011	6 "В"	1-топ Үйде оқитын мүгедек
4	Фазыл Нұрсұлу Арманқызы	18.04.2014	4"Г"	3- топ Мүгедек есту қабілеті бұзылған
5	Ығай Ернұр Анасұлы	12.02.2015	4" Б"	Мүгедек 3 топ қант диабеті
6	Есмұрат Әлинұр	24.11.2013	5 "Б"	Үйде оқитын мүгедек 3-топ
7	Тұяқбаев Арман	31.05.2014	6" В"	3- топ Мүгедек көру қабілетінің бұзылысы
8	Қайнарбек Айкөркем Галибекқызы	28.08.2017	2 "В"	Үйде оқитын мүгедек 1-топ
9	Мираш Рамазан Асылханұлы	12.08.2013	2 "Б"	Мүгедек 3 топ
10	Даниярұлы Нұржігіт	16.06.2014	4 "А"	Мүгедек 3 топ
11	Сайлаубек Бибінұр Нұрлыбекқызы	22.01.2017	1" В"	Мүгедек 3 топ
12	Батырбек Нұрбақыт Жәнібекұлы	05.06.2014	4 "Б"	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушы

Жаңа жылдық «Қайырымдылық» шыршасына қатысатын көпбалалы және аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар тізімі

№	Оқушының толық аты-жөні	Туған жылы, айы, күні, сыныбы	Сыныбы	Әлеуметтік мәртебесі
1	Жұмабек Көркем Мейрамқызы	06.02.2012	7"В"	Көп балалы отбасы
2	Болат Нұрдаулет Қайырбекұлы	30.10.2013	5 "Б"	Көп балалы отбасы
3	Досымбек Адина Абзалқызы	01.08.2014	5 "Б"	Көп балалы отбасы
4	Тоқтар Ернұр Ерікұлы	21.02.2014	5 "Б"	Көп балалы отбасы
5	Марат Ақтоты Бексұлтанқызы	20.10.2014	5 "Б"	Көп балалы отбасы
6	Байкен Нұрасыл Нұрбекұлы	01.05.2013	6"Б"	Толық емес отбасы(анасы қайтыс болған)
7	Бақыт Кәуар Талантқызы	18.06.2013	6"В"	Көп балалы отбасы
8	Дүйсенғали Жаннұр Шаттыққызы	22.06.2013	6 "Г"	Көп балалы отбасы АӘК

Жаңа жылдық «Қала әкімі» атынан өткізілетін шыршаға қатысатын оқушылар тізімі

№	Оқушының толық аты-жөні	Тұған жылы, айы, күні	сыныбы	Әлеуметтік мәртебесі
1	Жомарт Арсен Жомартұлы	21.09.2014	4 "Г"	Көп балалы отбасы
2	Төлеухан Жанель Еркешқызы	24.11.2011	7 "Б"	Көп балалы отбасы
3	Жұмахан Айша Сәрсенбекқызы	17.12.2012	6" Г"	Көп балалы отбасы
4	Нұрлыбек Аяла Асылбекқызы	10.05.2014	4 "В"	Көп балалы отбасы
5	Думанова Інжу Медетқызы	23.02.2015	4 "Г"	Көп балалы отбасы
6	Хамидолла Әмина Мейрамқызы	06.12.2014	4 "Б"	Көп балалы отбасы
7	Сыздық Мерхан Мерекеұлы	15.02.2015	4 "Б"	Көп балалы отбасы
8	Болат Ақниет Батырханқызы	21.10.2014	4 " Г"	Көп балалы отбасы

Мектепте әлеуметтік қолдау: мүмкіндігі шектеулі оқушыларға көмек

2024 жылдың желтоқсан айында жаңа жыл қарсаңында «Жалпыға міндетті оқу қоры» есебінен мектебіміздің мүмкіндігі шектеулі 11 оқушысына ақшалай көмек көрсетілді. Әр балаға 24 799 теңге көлемінде көмек берілді.

Оқу мен шығармашылықта жоғары нәтижелерге қол жеткізген, олимпиадалар мен ғылыми жобалар жеңімпаздары атанған оқушылардың жетістіктерін атап өту мақсатында, мектеп беделін арттыруға қосқан үлестері үшін белсенді 20 оқушыға «Жаңа жыл» мерекесіне орай тәтті сыйлықтар табыстау жоспарлануда.

Марапатталған оқушылардың тізімі:

№	Оқушының толық аты-жөні	Тұған жылы, айы, күні	сыныбы	Әлеуметтік мәртебесі
1	Мұханбетқали Даян	06.03.2014	5 "В"	Толық отбасы көп балалы
2	Сафарғалиева Аниса	09.01.2014	5 «В»	Толық отбасы көп балалы
3	Берікқызы Інжу	30.04.2014	5 «Г»	Көп балаы отбасы
4	Ғалымжан Зере	06.10.2013	5 «А»	Көп балаы отбасы
5	Тұрғын Ислам	20.10.2012	6 «В»	Толық отбасы
6	Ержігітова Аружан	20.06.2008	11 «Б»	толық емес отбасы
7	Сабыржан Абай	26.08.2010	8 «Б»	Толық отбасы

8	Ердаулетқызы Томирис	11.04.2009	10 «В»	Толық отбасы
9	Қуаныш Меруерт	02.01.2009	10 «В»	АӘК
10	Аментай Жұлдыз	21.09.2008	11 «Б»	Толық отбасы
11	Тойлыбай Гаухар	25.05.2008	11 «А»	Көп балалы
12	Әбузар Нұрдаулет	26.01.2010	9 «Б»	Толық отбасы
13	Әшір Жансая	01.03.2010	8 «А»	Толық отбасы
14	Байғара Ақзере	07.01.2008	11 «А»	Толық отбасы
15	Нұрахмет Айбек	30.05.2008	11 «В»	Толық отбасы
16	Русланқызы Аяна	01.04.2010	9 «А»	Толық отбасы
17	Нуржанова Жансая	09.04.2008	11 «В»	Көп балалы отбасы
18	Рамазан Тоғжан	22.03.2009	10 «А»	Көп балалы отбасы
19	Қуаныш Айзере	30.06.2012	7 «Б»	Көп балалы отбасы
20	Аментай Наргүл	12.12.2011	7 «Б»	Көп балалы отбасы
21	Салыққызы Іңкәр	14.11.2014	4 «Г»	Көп балалы отбасы
22	Әлімгерей Кәусар	23.09.2015	4 «Г»	Көп балалы отбасы
23	Сәндібек Абдурахман	23.05.2015	3 «Г»	Көп балалы отбасы
24	Қабылахат Азамат	13.01.2017	2 «Г»	Көп балалы отбасы
25	Түгел Мадина	07.09.2012	6 «А»	Көп балалы отбасы

Алматы қаласы оқу орталығы «Бөбек ұлттық ғылыми-практикалық, оқу-сауықтыру орталығына» жыл сайын мектебіміздің әлеуметтік мәртебесі бар бір оқушымыз жіберіліп отырылады.
Үш жылдық көрсеткіші

2022-2023 оқу жылында РМҚК «БӨБЕК» ҰҒПББСО денсаулығын оңалту және сауығуға жіберілетін балалардың тізімі

№	Баланың аты-жөні, тегі	туылған жылы, айы, күні, ұлты	сынып	ата-анасының аты-жөні, жұмыс орны	жіберу негіздемесі-баланың әлеуметтік мәртебесін көрсету (жетім, аз қамтылған, көп балалы)
1	Салимхан Аяла	17.02.2014	3 «А»	Карина Гульмира Салимхановна бала күтімімен үйде	Толық емес отбасы, АӘК (атаулы әлеуметтік көмек алады)

**2023-2024 оқу жылында РМҚК «БӨБЕК» ҰҒПББСО денсаулығын
оңалту және сауығуға жіберілетін балалардың тізімі**

№	Баланың аты-жөні, тегі	туылған жылы, айы, күні, ұлты	сынып	ата-анасының аты-жөні, жұмыс орны, телефоны «Whatsap» номерімен	жіберу негіздемесі-баланың әлеуметтік мәртебесін көрсету (жетім, аз қамтылған, көп балалы)
1	Салыққызы Назерке	14.10.2013	4 «Б»	Абеуов Салык Казымбекович тел:8 775 281 61 72, жұмыс орны: Арқалық қаласы ЖШС «Іскер» плотник. Токанова Гуля Жаксылыковна тел:8 775 523 73 78, жұмыс орны:Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған Арқалық арнайы мектеп-интернаты» КММ, қызметі: кір жуушы	Көпбалалы отбасы

**2024-2025 оқу жылында РМҚК «БӨБЕК» ҰҒПББСО денсаулығын
оңалту және сауығуға жіберілетін балалардың тізімі**

№	Баланың аты-жөні, тегі (толық)	туылған жылы, айы, күні, ұлты	сынып	ата-ананың аты-жөні, жұмыс орны, телефоны «Whatsap» номерімен	жіберу негіздемесі-баланың әлеуметтік мәртебесін көрсету (жетім, аз қамтылған, көп балалы)
1	Айтжан Әлинұр Нұрболатұлы	15.01.2016	3 «А»	Касимова Айгул Кайырбековна Тел:8775 542 55 52 Жұмыс орны: Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты №2 студенттер үйінде кір жуушы. Аукенов Нұрболат Айтжанович (ажырасқан)	Көп балалы отбасы, атаулы әлеуметтік көмек алады (АӘК).

Әлеуметтік педагогтардың мектеп оқушыларымен және отбасыларымен атқарылған жұмыстары

2024-2025 оқу жылында әр тоқсан сайын 5-11 сыныптар аралығында қазіргі кездегі кәмелетке толмаған жасөспірімдерге тұрмыстық және физикалық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында оқушылар арасында жасырын сауалнама жүргізілді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу мақсатында «Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алу» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысында баяндама оқылды.

Алдағы уақытта осы жұмыстар одан әрі жалғасын тауып, жүйелі түрде жүргізілетін болады.

Мектеп-гимназиямызда атқарылып жатқан жұмыстар:

Жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқының, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектебімізде әр квартал сайын **5-11 сынып оқушылары арасында анонимді сауалнама жүргізіліп** отырады. Бұл сауалнамалар оқушылардың көңіл-күйін, өмірлік жағдайын бақылауға, қиын жағдайға тап болған балаларды дер кезінде анықтауға және оларға қажетті көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

2025 жылдың **наурыз айында мектеп инспекторы А.Ғазез 8-11 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді**. Бұл кездесулерде оқушыларға зорлық-зомбылықтың түрлері, оның белгілері және өз құқықтарын қорғау жолдары туралы кең көлемді ақпарат берілді. Сонымен қатар, оқушылардың өз-өзіне және өзгеге деген жауапкершілігі, қауіпсіздік мәселелері де жан-жақты талқыланды.

2024 жылдың **желтоқсан айында** елімізде өткізілген **«Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн»** атты республикалық акция аясында мектебіміздің әлеуметтік педагогы **Тургумбаева Г.Ш.** 9-11 сынып оқушыларына **«Әйелдер құқығы: бүгін және ертең»** тақырыбында баяндама оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бұл шараның мақсаты – оқушыларға әйелдердің құқығы мен қадір-қасиеті, зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің маңызы туралы түсінік қалыптастыру болды.

Аталған акция аясында **бастауыш сынып жетекшілері «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»** тақырыбында **сынып сағаттарын** өткізіп, жасөспірімдерге зорлық-зомбылықтың зияны мен достық, қайырымдылық секілді құндылықтарды дәріптеді.

Мектеп **психологтары 5-7 сынып оқушылары арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында тренингтер** ұйымдастырды. Бұл тренингтер балалардың эмоциялық жағдайын реттеу, стресті жеңу, өз-өзіне сенімді болу, кикілжіңсіз қарым-қатынас орнату сияқты дағдыларын дамытуға бағытталған.

2025 жылы **14 ақпан күні** өткен жалпы республикалық мектепішілік ата-аналар жиналысында әлеуметтік педагог **Г.Ш. Тургумбаева «Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алу»** тақырыбында баяндама оқып, бейнероликтер ұсынды. Ата-аналарға балалардың мінез-құлқындағы өзгерістерді байқау, олармен дұрыс қарым-қатынас орнату, қиын жағдай туындаған кезде қайда жүгінуге болатыны жөнінде кеңестер берілді.

2025 жылдың **наурыз айынан бастап**, мектебіміздің әрбір оқушысының **қиын жағдайда көмек алуға мүмкіндігі бар**. Егер оқушы зорлық-зомбылыққа немесе буллингке тап болса, **QR коды арқылы – «Актив STOP БУЛЛИНГ»** платформасына өтіп, көмек сұрай алады. Бұл QR кодтар мектебіміздің **әр қабатындағы қабырғаларға ілінген**, оқушылардың оңай қол жеткізуі үшін орналастырылған.

QR кодтың қолданысы мен маңыздылығы туралы **ақпараттандыру жұмыстарын әлеуметтік педагогтар мен мектеп психологтары жүргізді**, оқушыларға платформаны қалай пайдалану керектігі және оның құпиялылығы туралы түсіндірді.

«Менің бастамам – менің Отаным» республикалық шығармашылық жобалар байқауының қалалық кезеңіне **2023-2024 оқу жылында «Жақсылық**

керуені» номинациясы. Бағытталған әлеуметтік жобалар байқауына 10 «В» сынып оқушысы Нуржанова Жансая II орынға иеленсе, 2024-2025 оқу жылында 9 «Б» сынып оқушысы Ергазина Балым қатысып III орынды иеленіп Арқалық қаласының білім бөлімінің мадақтамасымен марапатталды. Дайындаған жетекшісі әлеуметтік педагог Тургумбаева Гүльсая Шаяхметовна.



Әлеуметтік педагогтардың перспективалық жоспары бойынша рейдтік жұмыстар:

Биылғы оқу жылында қолайсыз отбасыларға екі рет рейдтік жұмыстар жүргізіліп, тұрғын үй актісі жасалды.

- ОБПР (жетім оқушылар, қамқорлықтағы балалар) бойынша жоспарға сәйкес екі рет тұрғын үй актісі жасалды.
- Сенімхатпен тұратын оқушыларға қатысты 8 үй араланып, тұрғын үй актісі жасалып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
- Өгей әкесімен немесе анасының серіктесімен тұратын 9 отбасына рейдтік жұмыстар жүргізілді.
- Жоспардан тыс әртүрлі мәселелерге байланысты 2 отбасына тұрғын үй актісі жасалып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді және қажетті кеңестер берілді.
- Сенімхатпен тұратын 2 үйге тұрғын үй актісі жасалады.
- Қолайсыз 3 отбасыға рейд жұмыстары жүргізіледі.
- Аз қамтылған, жағдайы төмен 2 отбасының тұрмыс жағдайы тексеріліп, тұрғын үй актісі жасалады.

Әлеуметтік мәртебесі бар отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету

Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуының маңыздылығы және ұйымдастырылуы: Мектеп асханасы буфеттік қызметпен қатар, шикізатпен жұмыс істеу арқылы тамақ әзірлейтін толық циклді форматта жұмыс істейді. Оқушылар саны 120-дан асатын мектепке арналған асхана барлық құрал-жабдықтары санитариялық талаптарға сай орнатылған және жүйелі түрде дезинфекцияланады.

Мәзір және нормативтік талаптар:

Оқушылардың жасы мен физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, мектеп асханасында төрт апталық маусымдық мәзір (жаз-күз, қыс-көктем) әзірленеді. Бұл мәзір ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 144-бабының 6-тармағына, сондай-ақ ҚР ДСМ бекіткен 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына сәйкес әзірленіп «Арқалық қаласы білім бөлімінің» ММ-нің басшысымен бекітілген перспективалық мәзірімен жасалынып бекітілген .

Күн сайын ас мәзірі мектептің көрнекі жеріне орналастырылады. Бұл ата-аналар мен оқушылардың мәзірмен күнделікті танысуына, яғни баланың не жегенін білуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл мәзір – ата-аналар мен мектеп әкімшілігі арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін маңызды ақпарат көзі болып табылады.

Мектеп-гимназия әкімшілігі білім алушыларды тиімді және сапалы тамақтандыруды қамтамасыз ету, дұрыс тамақтанудың санитариялық-гигиеналық негіздері мен қағидаттарын сақтау, сондай-ақ ата-аналармен кеңес беру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағытында ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдайды.

Білім алушыларды тамақтандыру 120 орындық асханада бекітілген төрт апталық маусымдық мәзірге сәйкес жүзеге асырылады. Оқушылар үшін дайындалатын тағамдар мен аспаздық өнімдер, оларды дайындауға пайдаланылатын шикізат пен азық-түлік, жеткізу және сақтау шарттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына және тамақтану сапасына қойылатын нормативтерге толық сәйкес келеді.

Мектеп-гимназия директоры білім алушылардың тамақтану режимін бекітті. Санитариялық нормаларға сәйкес оқу күні ішінде оқушылардың тамақтануына арнайы екі үзіліс бөлінген, олардың әрқайсысының ұзақтығы – кемінде 15 минут. Тамақтандыру процесі оқушылардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылады. Тамақ өнімдерін жеткізуші ұйым ай сайын білім алушылар үшін пайдаланылатын азық-түлік өнімдерінің тізімі туралы құжаттарды қоса ұсынып отырады.



Оқушыларды тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу туралы:

Оқушыларды сапалы және құнарлы тағаммен қамтамасыз ету мақсатында мектеп асханасында тамақ сапасына бақылау жүргізетін мониторингтік комиссия құрылды. Бұл комиссия "Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына және оған енгізілген өзгерістерге (2020 жылғы 8 маусымдағы №235 бұйрық) сәйкес жұмыс істейді.

Комиссия мүшелері бекітілген жоспарға сәйкес асхананың қызметін, тағам сапасын және санитарлық талаптардың сақталуын тұрақты негізде тексеріп отады. Сонымен қатар, білім беру ұйымының интернет-ресурсында "Мектептегі тамақтану" атты арнайы айдар құрылып, оған күнделікті мәзір, ата-аналар мен оқушылар үшін пайдалы ақпараттар, санитариялық-эпидемиологиялық талаптар және мектеп асханасының жұмыс тәртібі туралы мәліметтер орналастырылып отырады. Қызмет көрсетуші ұйым ай сайын орта білім беру ұйымының басшысына өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, білім алушылар үшін пайдаланылатын азық-түлік өнімдерінің тізімі туралы мәліметтерді ұсынады. Мониторингтік комиссияның міндеттеріне келіп түсетін азық-түлік өнімдерінің сапасын тексеру, отандық тауар өндірушілер ұсынатын өнімдерге **СТ-KZ** сертификаттарының болуын анықтау, дайындалған тағамдардың сапасын бағалау, мектеп асханасындағы технологиялық жабдықтардың бар-жоғы мен жарамдылық жағдайын бақылау, азық-түліктер мен дайын тағамдарды сақтау және жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуын тексеру жатады. Сонымен қатар, балалардың нақты тамақтану рационын күнделікті және перспективалық ас мәзірімен сәйкестендіру, асхананың санитариялық жағдайына тұрақты түрде мониторинг жүргізу – комиссия жұмысының басты бағыттарының бірі болып табылады.

Комиссияны мектеп директоры басқарады. Оның құрамына тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары, мектептің медбике қызметкері, әлеуметтік педагогтар және қамқоршылық кеңесінің төрайымы кіреді. Комиссия мүшелері ай сайын тағамдардың органолептикалық бағалауын жүргізеді, ас үй жабдықтарының санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігін, тамақ дайындау үдерісі мен сақтау режимінің сақталуын бақылап отырады. Мектептің медбике қызметкері күнделікті бракераж журналын жүргізіп, тағамдардан сынамалар алып, олардың сапасын тіркеп отырады.

Мектеп асханасы жұмысына байланысты ұсыныстар мен шағымдарды қабылдау жүйесі:

Мектеп асханасы мен дәліздерде оқушылар мен ата-аналарға арналған «Ұсыныстар мен шағымдар» QR-кодтары орналастырылған. Аталған QR-код арқылы әрбір оқушы немесе ата-ана мектеп асханасының жұмысы туралы өз пікірін, ұсынысын немесе шағымын білдіре алады. Түскен барлық өтініштер мектеп әкімшілігі тарапынан мұқият қаралып, тиісті шаралар қабылданады. Мектеп-гимназиясының медицина қызметкері оқушылардың денсаулығын нығайтуға және дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жүйелі іс-шаралар ұйымдастырып отырады. Оқушылармен бірлесіп сынып жетекшілері және медбике қызметкері түрлі форматтағы іс-шаралар өткізеді: дәрістер, диктанттар, сауалнамалар, байқаулар және бейнебаяндар көру.

Өткізілген іс-шаралар тақырыптары:

- ✓ «Фастфуд емес, дәруменге бай ас!»
- ✓ «Ас мәзірі – отбасы мәдениетінің айнасы»
- ✓ «Тағам таңдау – өз денсаулығыңа жауапкершілік»
- ✓ «Дұрыс тамақтану – жақсы оқу үлгерімінің негізі»

Бұл іс-шаралар оқушылардың тамақтануға деген саналы көзқарасын қалыптастырып, салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған.

Мектеп оқушыларына ыстық тамақ беруді ұйымдастыру – күрделі әрі жауапты процесс. Ол тек ас әзірлеумен ғана шектелмейді, бұл – балалардың денсаулығын нығайтудың, оқу процесін тиімді жүргізудің және болашақ ұрпақтың саулығын қамтамасыз етудің маңызды буыны. Сондықтан әр мектепте тамақтану үдерісі барлық санитариялық-гигиеналық және құқықтық талаптарға сай жүргізілуі тиіс.

Мектеп-гимназияда білім алушыларды тегін ыстық тамақпен қамту туралы көрсеткіші:

2022–2023 оқу жылында тегін ыстық тамақпен қамтылған балалардың үлесі 18,2%-ды құрады. Бұл көрсеткіш мектеп-гимназияда оқитын аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың санына байланысты – барлығы 180 бала. Оның ішінде:

- Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар – 151;
- Отбасы жағдайына байланысты педагогикалық-психологиялық қолдауды қажет ететін бала (ОБПР) – 1;
- Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатын отбасылардан шыққан оқушылар – 28.

2023–2024 оқу жылында тегін ыстық тамақпен қамтылған балалар саны 468 баланы құрап, бұл жалпы оқушылардың 48%-ын қамтыды. Оның ішінде:

- 1–4 сыныптар аралығында – 407 оқушы;
- 5–11 сыныптар аралығында – 61 оқушы, оның ішінде:
 - Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар – 30;
 - ОБПР санатындағы оқушы – 1;
 - АӘК алатын отбасылардан шыққан оқушылар – 30.

2024–2025 оқу жылында тегін ыстық тамақпен қамтылған балалар саны 459 баланы құрап, бұл жалпы оқушылардың 46,5%-ын құрайды. Оның ішінде:


- 1–4 сыныптар аралығында – 417 оқушы;
- 5–11 сыныптар аралығында – 42 оқушы, оның ішінде:
 - Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар – 26;
 - ОБПР санатындағы оқушы – 1;
 - АӘК алатын отбасылардан шыққан оқушылар – 10;
 - Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді қажет ететін отбасылардан шыққан балалар (4-санат) – 5.

Тегін ыстық тамақпен қамтылған балалардың үш жылдық көрсеткіші

Тегін тамақтандырумен қамтылған балалар санаты	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Оқушылар саны	180	468	459

Тегін тамақтандырумен қамтылған балалардың үш жылдық мониторингі

■ Оқушылар саны



Қорытынды:

Бала – болашақтың бастауы. Оның тәрбиесі мен тағдырына ықпал ететін әрбір іс – үлкен жауапкершілік. Әлеуметтік педагог ретінде әр баланың жан дүниесіне үңіліп, қолдау көрсету, дұрыс бағыт беру – біздің басты міндетіміз. Жыл бойғы атқарылған жұмыстар – осы міндетті абыроймен атқаруға жасалған нақты қадамдар.

Алдағы уақытта да оқушылардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау көрсету, әлеуметтендіру бағытындағы жұмыстарымызды жетілдіре отырып, әр баланың толыққанды тұлға болып қалыптасуына бар күш-жігерімізді саламыз.

«Балаға мейіріммен қарайық – болашаққа үмітпен қараймыз!»

Әлеуметтік педагог: Тургумбаева Гульсая Шаяхметовна
Серкешова Гүлім Болатовна